

COVID – 19 – ға ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ

ҚАТЫСУШЫСЫНЫҢ ЖАДЫНАМАСЫ

Сіз COVID – 19- ға қарсы вакцина салдырдыңыз!

Сіз «Гам-КОВИД-Вак» (Спутник V) вакцинасын алдыңыз.

Көп жағдайда екпені көтеру жақсы болады. Сондай- ақ денсаулығыңызда сәл кінәрат байқалса да, алаңдаудың қажеті жоқ. Бұл- ағзаның вакцинаға қалыпты жеке реакциясы және иммунитеттің қалыптасу белгілерінің бірі.

1- 3 күн ішінде өтетін жеке адамда болуы мүмкін реакциялар

Пациенттердің
10% - ында



Әлсіздік
Сәл кінәрат
Жалпы шаршау



Жүрегі айну

Ұсынылады: физикалық белсенділікті азайтып, демалуға мүмкіндік беріңіз



Дене мен бұлшықеттердегі
ауырсыну



Қалтырау

Пациенттердің
5,7% - ында



Бас ауруы



Ыстықтау сезімі
Температураның 37 ° С-
дан жоғары көтерілуі

Ұсынылады: Дене температурасы 38° С-дан жоғары болса, қызуды түсіретін және ауырсынуды басатын дәрілерді қабылдаңыз (парацетамол немесе ибупрофен).

Егер дене температурасы 39° С-дан жоғары болса және дәрі қабылдағаннан кейін 4 сағат ішінде төмендемесе, дәрігерді шақыру керек.

Саунаға, ваннаға бармаңыз, алкогольді ішпеңіз.

Пациенттердің
4,7% - ында



Вакцина егілген жердегі ауырсыну, қышыну,
ісіну және қызару

Ұсынылады: Әдетте, емдеуді қажет етпейді. Ісіну мен ыңғайсыздықты азайту үшін антигистаминді препараттарды қабылдауға болады.

COVID-19-ға қарсы вакцинация жөніндегі сұрақтар бойынша мына нөмірге хабарласуға болады: 69-26-18 Университеттік денсаулық орталығы (УНС)